

**Р.Е. Дабылтаева** 

«DiDi» жекеменшік балабақшасы, Алматы қ., Қазақстан

e-mail: : Dabyлтаева@bk.ru

## МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУДАҒЫ АРТПЕДАГОГИКА

Қоғам дамыған сайын шығармашыл тұлғаға сұраныстың өсуіне сай білім беру үдерісінде тұлғаның шығармашылық қабілеттерін арт технологиялар арқылы дамыту өзекті. Аталмыш мақалада мектепке дейінгі ұйымдардың білім мен тәрбие беру жүйесінде артпедагогика арқылы тәрбиеленушілердің шығармашылық қабілеттерін дамыту ерекшеліктері мен мүмкіндіктері талданады. Өйткені, балалардың шығармашылық қабілеттерін ашу, дамытуда және табысты әлеуметтендіруде арт технологияларды ерте жастан, яғни жастың сенситивті кезеңінде қолданудың мүмкіндіктері мол. Арт педагогика – қазіргі білім берудегі жаңа перспективалы бағыт әрі белсенділікке негізделген жаңа білім беру стандарттарына сәйкес келеді. Мақалада автор «артпедагогика», «шығармашылық», «қиял» және «шығармашылық қиял» ұғымдарын қарастырып, мәнін ашады. Аталған мәселенің шетелдік және отандық әдебиеттерде зерттелу жайына шолу жасайды. Сонымен қатар, балабақша жағдайында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес арт педагогика әдістерін қолданудың мүмкіндіктерін, қажет шарттарын талқылап, өз тәжірибесін баяндайды. Артпедагогика мәні мен мазмұны, теориялық негіздері зерделеніп және оның тәрбиеленушілердің шығармашылық қабілеттерін дамытудағы рөлі ашылады. Сондай-ақ ғылыми-теориялық пайымдауларды тәжіриде тексерудің әр кезеңіндегі бақылау және эксперименттік топтың нәтижелерін салыстырмалы түрде сандық көрсеткіштерімен келтіріп дәйектейді. Эксперименттік жұмысқа 90 бала қатысты. Автор мәселе бойынша өз әдістемелік ұсыныстарымен бөліседі.

**Түйін сөздер:** шығармашылық, қиял, шығармашылық қиял, артпедагогика.

R.E. Dabyлтаева

«DiDi» Kindergarten, Almaty, Kazakhstan

e-mail: Dabyлтаева@bk.ru

### **Art pedagogy in the development of creative abilities of preschool children**

With the advancement of society and the increasing demand for creative individuals, the relevance of developing creative abilities through art technologies has gained significant importance. This article explores the specific characteristics and potential of art pedagogy in fostering creative capacities within the educational and pedagogical processes of preschool institutions. Special emphasis is placed on the early implementation of art technologies, which enhances the effective identification and development of children's creative potential and facilitates their successful socialization. Art pedagogy is presented as a progressive and promising approach in contemporary education, aligning with modern educational standards that prioritize active learner participation. The article provides a theoretical analysis of the key concepts such as "art pedagogy," "creativity," "imagination," and "creative imagination," elucidating their underlying principles. Additionally, the methodological foundations for the application of art pedagogy, tailored to the age-specific needs of preschool children, are examined based on the author's practical experience. 90 children took part in the experimental work. The study further elaborates on the role and significance of art pedagogy in the development of creative abilities and offers methodological recommendations relevant to this domain.

**Key words:** creativity, imagination, artistic pedagogy.

Р.Е. Дабылтаева

Частный детский сад «DiDi», г. Алматы, Казахстан  
e-mail: Dabyлтаeva@bk.ru

### Арт-педагогика в развитии творческих способностей детей дошкольного возраста

С развитием общества и ростом потребности в творческих личностях возрастает актуальность развития творческих способностей личности посредством арт-технологий. В данной статье рассматриваются особенности и потенциал использования арт-педагогика для формирования творческих способностей воспитанников в образовательном и воспитательном процессе дошкольных учреждений. Особое внимание уделено возможностям применения арт-технологий на ранних этапах развития, то есть в сенситивный период возраста, что способствует эффективному раскрытию и развитию творческого потенциала детей, а также успешной их социализации. Проводится обзор данной проблемы в зарубежной и отечественной литературе. Арт-педагогика представлена как перспективное направление в современном образовании, соответствующее новым образовательным стандартам, ориентированным на активную деятельность обучающихся. В статье проводится теоретический анализ понятий «арт-педагогика», «творчество», «воображение» и «творческое воображение», раскрывается их сущность. Кроме того, рассматриваются возможности и необходимые условия применения методов арт-педагогика в соответствии с возрастными особенностями детей в условиях детского сада, а также излагается собственный опыт автора. Изучаются сущность и содержание арт-педагогика, её теоретические основы, и раскрывается роль в развитии творческих способностей воспитанников. В опытно-экспериментальной работе приняли участие 90 детей. Также предложены методическими рекомендациями по данной проблематике.

**Ключевые слова:** творчество, воображение, художественная педагогика.

#### Кіріспе

Қоғам дамыған сайын шығармашыл тұлғаға мұқтаж болып отыр. Шығармашылық қоғамдық өмірдегі ілгерілеудің кепілі болғандықтан, жас ұрпақтың шығармашылығын дамыту қазіргі таңда білім беру саласындағы басым бағыт болып табылады. Өйткені, бүгінгі таңда ең сұранысқа ие – шығармашылық мамандықтар. Ал, шығармашыл адамдар әрқашан шығармашылық әлеуетін жүзеге асыру арқылы өмірде өз жолдарын сәтті табатыны айқын көрініс беруде. Мұндағы мақсат – бәсекеге қабілетті, табысты әлеуметтенген, еркін әрі сыни ойлайтын шығармашыл, салиқалы ұрпақ тәрбиелеу. Шығармашылық көзқарастың тоқыма станогында, музыкалық аспапта немесе актерлік шеберлікте ме әлде өнертапқыштықта, ұйымдастырушылық мәселелерді шеше білуде ме нақты неден көрінетіні маңызды емес. Өйткені, адам қызметінің кез келген түріне шығармашылық көзқарас жат емес. Баланың бәрінің өлең жазуы, ән айтуы немесе актер болуы міндетті емес. Шығармашылық айқын көрінетін қызмет түрі және адамның оны көрсете алатын дәрежесі тұлға түріне, әдеттері мен өмір жолының ерекшеліктеріне байланысты болады. Адамның шығармашылық қабілеті, оған деген қажеттілігі туралы мәселе ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейін өзекті болды әрі

қарай да бола бермек. Осы мәселені зерттеуші ғалымдардың пікіріне сүйенсек, жалпы шығармашылық адамның барлық маңызды күштерінің бірігуі, оның тұлғалық қасиеттерінің іс-әрекетте көрінуі көптеген адамдарға ортақ сипаттарымен бірге оның қайталанбас ерекшеліктерін атап көрсете отырып, даралықты дамытуға ықпал етеді. Өкінішке орай, тәжірибеде көріп жүргеніміздей көптеген ата-аналар шығармашылықты өз баласын тәрбиелеу, дамыту және оқытудың маңызды құрамдас бөлігі деп санамайды. Олар баланың сөйлеуіне, ойлауына және есте сақтау қабілеттерін дамытуға баса назар аударып, қиялы мен шығармашылығын дамытуды мүлдем естен шығарады. Әрине, әрбір бала үшін алғашқы үш қабілет өте маңызды, бірақ шығармашылықты да естен шығаруға болмайды. Себебі, шығармашылық тек балалық шақта ғана емес, ересек шақта да өзекті. Адам есейгенде шығармашыл болуы үшін оны балалық шақта дамыту қажеттігі даусыз. Ал, оны ерте жастан қалыптастыру ерекше маңызды болып табылады. Өйткені, мектепке дейінгі сензитивті шақта қабілеттер мен дағдыларды қалыптастыру неғұрлым тиімді және қарқынды дамиды. Сондықтан, ол қазіргі балабақшалардың негізгі міндеттерінің бірі болып отыр. Балабақша балаларға мектепке дейінгі білім көлемін беруді ғана емес, олардың шығармашылық дербес ойлауын дамытуды көздейді.

Қазіргі гуманистік парадигма аясында отандық үздіксіз білім беру жүйесінің барлық деңгейлеріндегі педагогикалық үрдіс ізгілендіруге, жеке тұлғаға бағдарланған. Білім беру ұйымдарында педагогтің баламен тұлғаға-бағдарланған өзара әрекетіне, яғни баланың қажеттіліктері мен даралығын қабылдау, қолдау, қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін дамыту, жағымды эмоционалды ахуал қалыптастыруға басымдық беріледі. Білім беруді ізгілендіру мен вариативтілік принципінің жүзеге асырылуы педагогтерге таңдау мен академиялық еркіндік береді. Осындай он өзгерістер нәтижесінде, мектепке дейінгі білім беру ұйымында педагогикалық үрдісті жобалауда, инновациялық технологияларды таңдауда еркіндік берілген. Соның бір көрінісі ретінде бүгінгі таңда балабақша тәжірибесіне басқа да инновациялық әдістермен қатар артпедагогика әдістерін енгізу өзектілігі артуда. Соңғы он бес жылдықта (2008-2023 жж.) педагогика және психология ғылымдарындағы ғылыми зерттеулерді талдау нәтижесі өнердің педагогикалық әлеуеті туралы ғылыми зерттеулер санының артқанын көрсетеді. Әр жылдары ғалымдар арт педагогиканы білім беру жүйесінің әр деңгейінде қолдану жолдарын зерттеген. Мәселен, Таранова, Ю.С. Шевченко және т.б. жеке тұлғаны әр қырынан дамытуда арнайы оқу орындарының оқу-тәрбие процесіне арт педагогиканы енгізу мүмкіндіктеріне назар аударып, арт педагогиканы ғылыми білім саласы ретінде оны педагогика, арт және арт-терапияның тоғысқан жерінде пайда болатын технология ретінде қарастырады (*Решетникова, 2020*). Білім беру үрдісінде көркем өнер технологияларын пайдалану мәселесіне арналған әдебиеттерді талдау «арт технология» терминінің «өнер» (мағынасы – өнер, қолөнер) және «технология» деген екі бөлек ұғымның бірігуі негізінде қалыптасқанын көрсетеді, оның мәні балаларды көркемдік-шығармашылық іс-әрекет арқылы дамыту және тәрбиелеу, сондай-ақ нақты білім беру саласындағы түрлі практикалық мәселелерді шешу процесіне өнер құралдарын тарту болып табылады.

### Әдебиетке шолу

Тұлғаның шығармашылық қабілеттерін артпедагогика әдістері арқылы дамытуға тоқталмас бұрын шығармашылықтың мәні мен мағынасын жете түсінген жөн. Белгілі зерттеуші Эллиот Айснер өз зерттеулерінде шығармашыл тұлғаға тән келесідей қасиеттерді сипаттайды:

1. Басқалар көрмейтін мәселені көре білу.
2. Психикалық операцияларды қысқарту, бірнеше ұғымды біреумен алмастыру.
3. Бір мәселені шешуде алған дағдыларын екіншісін шешуге қолдана білу.
4. Шындықты бөліктерге бөлмей, тұтастай қабылдай білу.
5. Алыс ұғымдарды оңай байланыстыра білу.
6. Жадының ақпаратты қажет сәтте дер кезінде беруі.
7. Есепті тексеруден бұрын шешудің балама нұсқаларының бірін таңдай білуі.
8. Қолданыстағы білім жүйелеріне жаңадан алынған ақпаратты енгізе білуі.
9. Заттарды сол күйінде көре білу.
10. Идея тудыруда қиналмауы.

Ал белгілі педагог-психолог ғалымдар Д.Б.Богоявленская, А.М. Матюшкин, Я.Рензулли, А.И. Савенков, т.б. шығармашылықты тұлғаның дарындылығы құрылымының маңызды құрамдас бөлігі ретінде таниды (*Небеесаева, 2017*).

Көптеген педагогикалық-психологиялық зерттеулерге сүйенсек, шығармашылық әр алуан іс-әрекеттің табысты жүзеге асуын қамтамасыз ететін тұлғаның психикалық әрекетінің ең мағыналы түрлерінің бірі болып саналады.

Шығармашылық – бұл «баланың немесе ересек адамның таң қалу және үйрену қабілеті, стандартты емес жағдайларда шешім таба білу, жаңа нәрсені ашуға назар аудару және өз тәжірибесін терең түсіну қабілеті», -деп санайды.

Шығармашылық өзіндік және өнімді әрекетті, проблемалық жағдайларды шешу қабілетін, нәтижелі қиялды, қол жеткізілген нәтижеге сыни көзқараспен қарауды біріктіретін жаңа элементті қамтиды.

Шығармашылық шеңбері тұлғаның стандартты емес шешімнен қарапайым мәселені белгілі бір салада толық іске асыруға дейінгі әрекеттерін, бірегей мүмкіндіктерін қамтиды.

Шығармашылықтың дамуы көбінесе мектепке дейінгі кезеңде қалыптасатын балалардың қиялының деңгейімен анықталады. Бұл мектеп жасына дейінгі балалық шақтың ең маңызды жаңа формациясы, онымен тұлғаның қалыптасуы тікелей байланысты (*Дыбина, 2020*).

Мектепке дейінгі жас кезеңі баланың шығармашылық қабілеттерін дамытуда зор мүмкіндіктер мен артықшылықтарға ие. Өкінішке орай, бұл мүмкіндіктер уақыт өте келе бірте-бірте жоғалады, сондықтан осы кезеңде өте ізденімпаз және қоршаған әлемді білуге деген зор ықыласы сәтті мейлінше тиімді пайдалануымыз тиіс.

Бұл жастағы шығармашылық ойлауды дамытудағы негізгі міндет – ассоциативті, диалектикалық және жүйелі ойлауды қалыптастыру. Себебі, дәл осы қасиеттердің дамуы ойлауды икемді, өзіндік және өнімді етеді.

Психологтардың пайымдауынша, мектеп жасына дейінгі баланың шығармашылығын дамытудағы ең маңызды бағыт – қиял бағытын дамыту. Қиял – бұл өмір тәжірибесінің элементтерінен (әсерлер, идеялар, білімдер, тәжірибелер) жаңа комбинациялар мен қарым-қатынастар арқылы бұрын қабылданғаннан асып, санада жаңа нәрсені құру қабілеті .

Қиял – барлық шығармашылық әрекеттің негізі. Ол адамға ойлау инерциясынан арылуға көмектеседі, есте сақтау бейнелерін түрлендіреді, осылайша анық жаңа нәрсені жасауды қамтамасыз етеді (*Айтбаева, 2016* ).

Баланың шығармашылық әрекеті үшін берік негіз құру үшін оның тәжірибесін кеңейтуіміз керек. Өйткені, қиялдың шығармашылық әрекеті алдыңғы тәжірибенің байлығы мен әртүрлілігіне тікелей тәуелді.

Осы мәселені зерттеушілердің пікірлерінше, бала неғұрлым көп көрсе, естісе және оқиғаны басынан өткізсе, көп үйренсе және игерсе, тәжірибесінде шындықтың элементтері неғұрлым көп болса, оның қиялының белсенділігі соғұрлым маңызды және өнімді болады. Барлық қиял тәжірибе жинақтаудан басталады.

Өнімді шығармашылық қиял шығарылатын бейнелердің өзіндік ерекшелігі мен байлығы сияқты белгілермен ғана сипатталмайды. Мұндай қиялдың маңызды қасиеттерінің бірі – ойды дұрыс бағытқа бағыттау, белгілі бір мақсатқа бағындыру. Идеяларды басқара алмау және оларды мақсатына бағындыра алмау ең жақсы жоспарлар мен ниеттердің орындалмауына, тіпті жойылуына да әкеледі.

Кіші мектеп жасына дейінгі балада қиял тақырыпқа сүйенеді және ол жасаған барлық нәрсе үзік әрі аяқталмайды. Ересектер балаға қиялдап қана қоймай, өз жоспарларын жүзеге асыруға, кішкентай болса да, толық шығармалар жасауға үйретуі тиіс.

Қиял мен қиялды дамытудың негізгі жолдарын, шығармашылық қиялды дамыту әдістерін дұрыс пайдалану шығармашылық қабілеттерді дамытуда елеулі табысты нәтижелерге қол жеткізуге әкеледі. Сондай-ақ, егер қиялдауды баланың өзі қаласа және қиялын дамытса, өте табысты болмақ. Ол үшін:

1. Мотивация туғызу.

2. Қиялдаудың ұят емес, бала үшін өте маңызды және пайдалы екеніне көз жеткізу. Бұл жаста балалардың логикасы әлі мықты болмағандықтан, олар мұны түсіне бермейді.

3. Қиялдау қызықты болуы тиіс. Сонда бала қызығып, қиялдап, сосын елестету, одан кейін ұтымды ойлау қабілетін игереді. Себебі, мектеп жасына дейінгі балаларды пайымдау емес, оқиғалар қызықтырады.

4. Баламен өте жақсы тіл табысып, жақындау. Бала осы жаста кімді жақсы көрсе, соған көбірек сенеді және мойынсұнуға дайын болады.

5. Өнеге көрсету. Ерте балалық шақта балалар ересектердің мінез-құлқын көшіреді. Өйткені, ересек адам бала үшін бедел.

6. 3-6 жастағыларға лайық ертегілерді оқу, талдау.

7. Сұрақтар арқылы қиялдарын ояту. Мысалы: «Қанатың болса, сен қайда ұшар едің? Сен де 100 адамның күші болса, не істер едің? т.с.с.

8. Өздері ойланып, тығырықтан шығудың жолын табуы үшін балаларға проблема тудыру. Мысалы, елсіз аралда қалып қалсаң, қалай аман оралар едің? т.с.с.

9. Қызықты сюжеттер беріп, әңгіме, ертегі құрастыруды тапсыру.

10. Қиял мен елестетуді дамыту әдістерін үйрету.

Теориялық зерттеулер мен практикалық әрекеттерді зерделеу нәтижелеріне сүйенсек, қиял мен шығармашылық қиялды дамытатын жұмыстарды ұйымдастыруда тиімділігі жоғарысы арт технологиялар екені анықталады. Арт технологияны білім беруде қолдану соңғы 15 жылдықта кеңінен отандық зерттеу нысанына да айналған деуге негіз бар. Мәселен, О.П.Заболоцких, Е.А.Медведева, О.А.Пестерева, Т.А.Хвиюзова, А.Б.Чистова еңбектерінде балалар мен жастарды түзету, оңалту, бейімдеу мақсатында өнерді пайдалану тәжірибесін зерттеумен қатар, өнер түрлерін пайдалана отырып, күрделі педагогикалық мәселелерді шешу талқыланған. Көркем өнер арқылы білім алушыларды адамгершілік, әлеуметтік, патриоттық, этномәдени, еңбекке тәрбиелеу мәселелері У.М.Әбдіғаббарова, Р.Ж.Рабилова, З.С.Батчаева, А.Ш.Абдраманұлы, Е.В.Артыбаев, М.Ж.Қозыбақов, С.А.Узақбаева және т.б. диссертациялық жұмыстарында зерделенген. Көркем педагогика нақты педагогикалық технология немесе педагогикалық теория мен практиканың бағыты ретінде М.К. Хащанская, Л.В.Лебедева, Е.А.Медведева, И.Ю. Левченко, Л.Н. Комиссарова, Т.А.Добровольский, Н.Ю. Сергеева, М.К.

Магомедова, А.У. Уматова, О.В. Шатунова, О.С.Булатова, Б.А.Әлмұхамбетовтің еңбектерінде негізделген. Бейнелеу өнері пәндерін оқыту мәселелері және бейнелеу өнері сабақтарында негізгі құзыреттіліктерді қалыптастырудағы арт педагогиканың рөлі М.Ж.Тәңірбергенов, Д.А.Кемешов, С.Қ.Бейсенбаева, И.С.Сманов, С.А.Аманжаловтың (Небесаева, 2017) ғылыми жұмыстарында да жеткілікті талданған.

Демек, отандық және шет елдік ғалымдардың ғылыми-зерттеулерін қорытар болсақ, «арт технология» түсінігінің әр түрлі жолмен анықталатынына көз жеткіземіз. Атап айтсақ:

- үш фактордың әрекетімен байланысты көркем шығармашылық: экспрессия, коммуникация және символизация (Беккер-Глош, 1999);

- қойылған педагогикалық мақсатқа жету үшін көркемдік-шығармашылық іс-әрекеттің өнер құралдары мен әдістерінің жиынтығы (Кунгурова, 2013);

- адамның дүниетанымының құрылымын өзгерту мақсатында оның сезімін және психикасының басқа мазмұнын жеткізу үшін өнер құралдарын пайдалану (Либман, 2003);

- мотивациялық, эмоционалды, бейімделу сферасына әсер ету ретінде шығармашылық ойлау, оқыту, жеке өсу нәтижесінде жасырын энергияны жүзеге асыруға бағытталған әдіс ретінде шығармашылық пен түзету тәжірибесін біріктіру (Никандров, 1998);

- болжамды нәтижеге жетуді қамтамасыз ететін түрлі өнер түрлерін тарта отырып, білім алушыға эмоционалды маңызды шығармашылық әрекеттердің немесе өзара әрекеттесудің реттелген жиынтығы (Поспелова, 2016);

- оқушылардың жеке тұлғасының шығармашылық әлеуетін ашу, дамыту және зерттелетін ғылыми фактілердің, объектілердің, құбылыстардың маңыздылығын сезіну мақсатында оқу процесінде қолданылатын өнер түрлерінің әдістері, тәсілдері, нысандары мен құралдары (Светоносова, 2020);

- тұлғада жаңа сапаны қамтамасыз ететін маңызды мәдени-білім беру ресурстары. Әлеует жеке тұлғаның шығармашылық қабілетін, әлеуметтік ұтқырлығын, коммуникативті мәдениетін, әлеуметтік-педагогикалық жағдайларды жобалауға дайындығын, әлеуметтік шығармашылықта өзін-өзі жүзеге асыруға мотивациясын, белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыру мүмкіндіктерімен байланысты. (Старикова, 2008);

- көркем шығармашылық арқылы берілетін тренинг (Шкил, 2011).

Ендеше, арт технологиялар шығармашылық шеберхана, репетиция, мәдени жоба, драмалық тренингтер және т.с.с түрлі форматта жүзеге асырылады екен.

Белгілі отандық ғалымдар А.Айтбаева, Г.Қасен (2016), өз еңбектерінде: артпедагогика – өнер және өнер арқылы көркемдік мәдениеттің негіздерін қалыптастыру мәселелерін қамтамасыз ететін ғылыми білімнің екі саласының (өнер және педагогика) синтезі және көркемдік және шығармашылық қызмет деп тұжырымдайды.

Демек, арт-педагогиканың мәні педагогика мен өнердің өзара әрекеттестігі болып табылады және өнер құралдары арқылы оқыту, дамыту және тәрбиелеуде балаларға көркемдік іс-әрекеттің әртүрлі түрлерінде практикалық дағдыларды меңгертуге бағытталған. Оның түрлеріне: бейнелеу технологиялары (коллаж, стихиялық кескіндеме), театрлық-ойын (импровизация, еліктеу, сахналау) және аудиовизуалды технологиялар (бейне коллаж, бейне кескіндеме, кино сыны) жатады.

### Зерттеу материалдары және әдістері

Баланың шығармашылық қабілетін дамыту мәселелері қай кезеңде болсын ғылымда негізгі нысандарының бірі болып қала беретіні белгілі. Алайда, шығармашылық қабілетті дамытудағы арт педагогиканың ықпалы мен дамыту жолдарын айқындап берген зерттеулер бүгінгі білім кеңестінінде әлі де зерттей түсуді қажет етеді. Себебі, мектеп жасына дейінгі баланың шығармашылығын арттыруды күрделі интегралды білім беру жүйесінде қарастыратын болсақ, шығармашылық дегеніміз өз ішінде *креативтілік* (жаңа дүние жасай алу мүмкіндігі, жаңашылдыққа ұмтылыс ретінде), *шығармашылық әрекеттерге дайындық* (шығармашылық жұмыстарға деген ынтасы, мотивациясының болуы), *белгілі біліктіліктердің болуы* (ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізе алу, т.б.) сынды компоненттерді қамтып жатуы тиіс.

Осыны негіздеуде талдау, ой қорыту, бақылау, ақпаратты қорыту, өңдеу, сандық және сапалық сараптау, жинақтау, даралау әдістері қолданылды.

**Зерттеу әдістері** философиялық және психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау; арнайы ұйымдастырылған және еркін қарым-қатынас жағдайында балаларды педагогикалық бақылау; ата-аналар мен педагогтерге сауалнама; педагогикалық эксперимент; алынған мәліметтерді сандық және сапалық өңдеу.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту барысында білім беру ұйымдарында артпедагогиканы қолдану мәселелерін зерттейтін ғалымдардың еңбектеріне талдау жасалып, оларды тәжірибеде тексеру жұмыстары жүргізілді.

Зерттеу бойынша тәжірибелік жұмыстар Алматы қаласындағы «DiDi» жекеменшік балабақшасының базасында жүргізілді. Оған 90 бала қатысты, оның 45-і бақылау тобында болды. Эксперимент барысында артпедагогика әдістерін қолдана отырып, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатындағы арнайы бағдарлама 2021-2024 жылдар арасында 3 жылда жүзеге асырылды. Бақылау тобы ретінде 45 баланы қамтыған 3 топ алынды. Бұл топтар арнайы жоспарға сай құрылған арт студия сабақтарына жүйелі қатысып, ағымдық нәтижелері алынды. Арт студия өз жұмысын арт педагогиканың барлық бағыттарын: бейнелеу өнері, қолөнер, театрландыру, ертегі және музыка терапияларды үйлестіріп кешенді жұмыс жүргізді. Өртүрліліктің барлық түрлері мен формаларын үйлесімді үйлестіру балалардың көркемдік әрекеттерін, адамгершілік қасиеттерін де байытады. Арт студия жұмысы әр бір жарты жыл сайын балалар жұмысының көрмесін ұйымдастырумен, әр баланың жеке портфолиосын қорғауымен қорытындыланды.

#### **Зерттеу мақсаты:**

- артпедагогика әдістері арқылы әр баланың шығармашылық әлеуеті мен қабілеттерін дамытуға жағдай жасау арқылы оны өмірде жүзеге асыруға ынталандыру, дағдыларын қалыптастыру.

#### **Зерттеу міндеттері:**

- баланың шығармашылық өзін-өзі көрсетуін ынталандыру;
- шығармашылық потенциалдың, ойлаудың өзіндік ерекшелігін ашу;
- психикалық процестерді тұрақтандыру, күйзелудің алдын алу, сақтау;
- өздеріне деген сенімділіктерін дамыту;
- балалар ұжымын біріктіру.

Аталған мақсаттар мен міндеттерді шешуде біз төмендегідей өзара әрекеттесудің арт-терапевтік ұстанымдарын басшылыққа алдық:

- баланың өзін-өзі бағалауы мен оң имиджін қолдау;
- баланың жеке басы мен мінезі туралы емес, жағдай, іс-әрекеті және оның салдары туралы айту;
- баланы басқа балалармен емес, өзімен ғана салыстыру арқылы тұлғалық өсу өзгерістерін атау;

- жағымсыз пайымдауларды мүлдем қолданбау;

- балаға оның тілегіне қайшы әрекет пен мінез-құлық әдістерін таңбау;

- баланың шығармашылық әрекетінің барлық өнімдерін мазмұнына, формасына, сапасына қарамастан қабылдау және бекіту.

Тәрбиеленушілермен ұйымдастырылатын барлық әрекеттер барысында арт педагогиканың түрлі әдістері кешенді қолданылды. Арт сабақтар барысында балалармен сурет салу, коллаж жасау, саз балшықтан пішіндер илеу, мүсіндеу, оригами жасаумен қатар ертегі терапиясы, күм терапиясы, музыка терапиясының әдістері де қолданылды. Мәселен, табиғи және табиғи емес материалдармен қол өнерлерін жасау, мүсіндеу, саз балшықтан илеу және т.с.с. әдістер баланың шығармашылық қабілеттерінің көзін ашуға мүмкіндік береді, дағдылар қалыптастырып, шабыт ашады. Енді біз мақсатты ұйымдастырылған үрдісте олардың іс-әрекетінің сипатына қарамастан балаларда пайда болатын қиялдың кейбір жалпы белгілерін қалыптастыруға болатынын сенімді түрде айта аламыз.

Осындай жүйелі жұмыстардың нәтижесінде баланың ресурстық мүмкіндіктерін барынша толық және тиімді белсендіретін арт-педагогика әдістері мен құралдарын пайдалану бізге төмендегідей тұжырым жасауға негіз болды.

Арт педагогика жүйелі инновация ретінде төмендегідей сипатқа ие:

1 – теориялық және практикалық идеялар кешені, жаңа технология;

2 – әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық құбылыстармен байланыстардың әртүрлілігі;

3 – педагогикалық шындықтың басқа компоненттерінен (оқу процестері, басқару және т.б.) салыстырмалы тәуелсіздік (оқшау);

4 – біріктіру, түрлендіру мүмкіндігі зор деп санаймыз.

Тәжірибелік жұмыстың әр кезеңінде арт-терапевтік процесте бала оң өзгерістердің құнды тәжірибесін алып, өзін-өзі тану, біршама тұлғалық өсу орын алатыны байқалды. Сонымен қатар, біздер, арт педагогика әдістерінің балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытудың тиімді құралы ғана емес, үялшақ, түйық, маза-сыз балалардың мектепке даярлық процесін жеңілдететінін аңғардық.

3-жылдық тәжірибелік жұмыстардың барысында біздер мектепке дейінгі жастағы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін

түрлі әдістерді шебер қолдану жеткіліксіз, қабілеттердің қалыптасуына төмендегідей қолайлы жағдайлар туғызудың да маңызы орасан зор деп есептейміз. Мәселен,

1. Балалардың ерте физикалық және интеллектуалдық дамуын қамтамасыз ету.

2. Баланың дамуына қолайлы жағдай жасау.

3. Бала өз мүмкіндіктерінің шегіне жеткенде максималды күш-жігерін қажет ететін міндеттерді баланың өз бетімен шешуін ұйымдастыру.

4. Балаға әрекетті таңдауда еркіндік беру, әрекетті кезектестіру, бір әрекеттегі іс-әрекеттің ұзақтығы және т.б.

5. Үлкендердің ақыл, достық көмек беруі.

6. Ересектердің баланың шығармашылыққа деген күштарлығын ынталандыратындай жағымды психологиялық орта жасауы.

7. Шығармашылыққа, дамуға жағдай жасайтын өзін-өзі құрметтеу және эмансипация.

Сондай-ақ, зерттеу мәселесі бойынша алға қойылған мақсатқа жету үшін жоғарыда аталғандармен қоса арт педагогика әдістерін қолдануда педагог бірқатар факторларды ескеруі шарт. Олар: білім беру ұйымының ерекшелігі, мақсаттары мен міндеттері, мазмұны және сонымен қатар балалардың жасы, жеке және дербес ерекшеліктері мен дайындық деңгейін. Аталған факторларды есепке ала отырып, шығармашылық потенциалды, жасырын мүмкіндіктерді дамыту үшін педагогтер дәстүрлі емес, жетістік жағдайын туғызатын, сезімдерін ашық әрі еркін білдіруге көмектесетін арт педагогика әдістерін таңдайды.

Шынайы педагогикалық процесте арт педагогиканың түрлі әдістері бір-бірімен тығыз байланысты. Өнердің көп функционалдылығы педагогикалық үрдісте кең ауқымды мәселелерді шешу мүмкіндігін ашады. Мәселен, ертегі терапиясы – бұл баланың мінез-құлқы мен оқудағы бірлескен әрекетті түзету әдісі. Халықаралық, халық ертегілерімен қатар жеке авторлардың да әңгімелерін пайдалануға болады. Ертегі өмірде жиі кездесетін, бірақ қабылдана бермейтін әртүрлілікті көруге, түсінуге көмектеседі. Балалардың мақсатқа жету жолдарын, жасырын қабілеттерін дамытады, күнделікті тұрмыстық мәселелерді шешуде өзіне деген сенімділік, өзін-өзі бағалауы дамытады. Уақытында айтылған ертегінің бала үшін маңызы зор, ол ересек адамға психологиялық кеңес бергенмен пара-пар.

Ал, театрландыру әдісі бұл жастағы балалар үшін ең алдымен эмоционалдылықтың қарқынды дамуына ықпал етеді.

Ұлттық-тұлғалық қырларын, сауатты сөйлеу, диалог жүргізу, көркем шығармаларды сахналау қабілеттерінің дамуына көмектеседі.

Балабақша тәрбиешілері балаларды «Қасқыр және жеті лақ», «Қызыл телпек», «Шалқан», «Мысық пен тышқан» т.с.с. театрландырылған қойылымдар арқылы бірлескен іс-шараларға тартты. Сонымен қатар, балабақшада «Театр сахнасы» бұрышы жасалған, онда кез келген бала актерлік шеберліктерін өз бетінше көрсетіп, жаттыға алады. Әсіресе 3-6 жас аралығында балалар рөлге енгенді, еліктегенді аңсап тұрады. Театрлық іс-шаралар балаларды шығармашылыққа үйретеді.

Музыкалық терапия әдісі күнделікті сәттерді жағымды ұйымдастыруға және балалардың денсаулығын жақсартуға көмектеседі. Ұйқыға кету процесін музыкалық сүйемелдеу, көркемдік және эстетикалық бейне-жағымды эмоция тудыратын белсенділікті оятуға жұмыс жасайды. Музыкалық терапияны біздер жағдайға қарай негізгі әдіс ретінде де, көмекші әдістердің бірі ретінде де қолданамыз.

Жалпы оқу әрекетінің кез келген құрылымына, арт технологиялар органикалық түрде сәйкес келеді, өйткені олар арнайы материалдық-техникалық қамтамасыз етуді қажетсінбейді.

Тәжірибелік жұмыстар барысында аталған арт әдістердің балалардың өзіне сенімділігін арттырып, шығармашылығын шыңдап, ой-өрісін кеңейтіп, тұлға ретінде қалыптасуына оң ықпал еткені айқын көрінді.

Арт педагогика әдістерін жүйелі қолдану балабақшада оқыту мен тәрбиелеудің сапалы және тиімді болуына жағымды ықпал етеді деген қорытынды жасауға толық негіз бар.

### Нәтижелер және талқылау

Педагогикалық эксперимент барысында біз балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында П.Торренстің шығармашылық ойлау тестінің Н.Б.Шумакова, Е.И.Щебланова және Н.П.Щербоның бейімдеп, стандарттаған нұсқасын, О.М.Дьяченко мен Е.Л.Пороцкаяның ертегінің бағалау әдістемелерін, Ф.Татл мен Л.Беккердің шығармашылықты дамытуға қатысты ата-аналар мен педагогтерге арналған сауалнамаларын пайдаланып диагностика жүргізілді.

Шығармашылық қабілеттерді диагностикалаудың төмендегідей ерекшеліктері есепке алынды:

- Сарапшылардың бағалауы нәтиже емес, процестің нәтижесі болып табылады.

- Ойындар мен жаттығулар негізгі әдістер болып табылады.

- жаттығуды жеңілдету үшін дайындық кезеңі қажет.

- Уақыт шегі жойылды.

Тәжірибеде арт педагогика әдістері балалардың сезімдерін білдіруге көмектесу, өзін-өзі тануына жол ашу, қарым-қатынас жасау және топта жұмыс істеу тәжірибесін қалыптастырады. Баланың шығармашылық қиялын дамытып қана қоймайды, олардың коммуникативті дағдыларын қалыптастырып, эмоционалдық күйзелісті жеңілдетуге мүмкіндік беретіні анықталды. Белгілі психолог М.Мильнердің пікірінше, ол көркем шығармашылық әр балаға оның эстетикалық идеяларын қалыптастыру үшін ғана емес, сонымен қатар сезімдерді «тәрбиелеуге» ықпал ететін психикалық даму құралы ретінде қажет дейді. Арт-терапевтік сессияның құрылымында екі негізгі бөлікті ажырату қисынды. Біреуі вербалды емес құрылымсыз шығармашылық. Өзін-өзі көрсетудің негізгі құралы – бейнелеу әрекеті (сурет салу, кескіндеме, мүсіндеу). Бейвербалды өзін-өзі білдірудің және көрнекі қарым-қатынастың алуан түрлі механизмдері қолданылады.

Екінші бөлігі вербалды, апперцептивтік және формальды түрде құрылымды. Ол ауызша талқылауды, сондай-ақ сызылған объектілерді және пайда болатын ассоциацияларды түсіндіруді қамтиды. Бейвербалды өзін-өзі білдіру және көрнекі қарым-қатынас механизмдері қолданылады (Гончарова, 2020).

К.Юнг пікірінше, көркем шығармашылық психиканың өзін-өзі емдеу мүмкіндіктерін жүзеге асырудың аса маңызды құралы болып табылады. Ал, Л.С. Выготский пікірінше, мектеп жасына дейінгі баланың іргелі және әлеуметтік құнды нәрсені әлі жасай алмайтынына қарамастан, оның шығармашылық талпыныстары бала үшін субъективті, қиялдың, ойлаудың белсенді жұмысының нәтижесі болып табылады. Сондай-ақ, оның жеке тұлғасы мен шығармашылығын дамыту үшін белгілі бір ерікті әрекет пен эмоционалдық тәжірибе, шабыт үлкен маңызға ие. Шығармашылық барысында бала өзін өзі жасайды. Әрі мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда олардың жас ерекшеліктеріне байланысты педагогтің алатын орны ерекше. Бала жасаған өнімдер оның әлемге деген аффективті қатынасын объективті етіп, басқалармен (туыстарымен, ересектермен, ата-аналармен, құрдастарымен және т.б.) қарым-қатынас пен қарым-қатынас орнату процесін же-

ңілдетеді. Басқалар тарапынан шығармашылық нәтижелерге қызығушылық, олардың шығармашылық өнімдерді қабылдауы баланың өзін-өзі бағалауын және оның өзін-өзі қабылдауы мен өзін-өзі бағалау дәрежесін арттырады. Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға арналған бірлескен іс-шаралар баланың жеке тұлғасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Сондықтан, педагог-психологтің, тәрбиешілердің, мамандардың, ата-аналардың күш-жігерін біріктіре отырып, балалардың өз іс-әрекетіне сүйене отырып, олардың шығармашылық қиялы мен ойлауын дамытуда ата-аналармен бірлескен жеке және топтық жұмыстар өткізілді. Яғни, ата-аналарға кеңес беру, арнайы тренингтер, жиналыстар және т.с.с. Мысалы:

«Мектепке дейінгі жастағы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту» тақырыбы бойынша ата-аналар жиналысы;

Аталмыш мәселе бойынша ата-аналарға арналған кеңестер:

«Балалардың қиялын дамыту»;

- «Шығармашылық ойлауды дамытуға арналған жаттығулар»;

- «Сәбиге арналған шығармашылық идеялар»;

- «Пластинмен сурет салу» т.б.

Балалармен шығармашылық ынтымақтастық: отбасы эмблемасы;

- Біздің хоббиіміз;

- Сүйікті ертегіміздің макеті және т.б.

Зерттеу барысында қарастырылып отырған мақсат, міндеттерге сәйкес арт педагогика әдістері арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытудың төмендегідей өлшемдері анықталды:

- шығармашылық тапсырма мазмұнын түсінуі;

- икемділік (идеялар саны, мәселеден мәселеге ауысу мүмкіндігі).

- түпнұсқалық (стандартты жауап немесе жоқ).

- қызығушылықтың тұрақтылығы.

- бүтіндік (өнімге толық көрініс беру мүмкіндігі).

- еркін сөйлеу.

Осы өлшемдердің негізінде мектепке дейінгі жастағы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытудың үш деңгейі (төмен, орта, жоғары) сипатталды.

**Төмен деңгей** шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру барысында мақсаттарға қол жет-



кізуді түсінбейді, тапсырма мазмұнын өз бетінше түсінбейді; тапсырманы орындауға енжар, шаблонға ғана сүйеніп орындайды немесе өзгені қайталайды; тапсырманы педагогтің көмегінен орындай алмайды; қызығушылық танытпайды.

**Орта деңгей** шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар мазмұнын түсінеді, тапсырмаға қызығушылығы бар, өз бетінше орындауға талпынады, бірақ қиналады; тапсырманы педагог көмегімен орындайды; жалпы шығармашылық жұмыстар барысында ішінара белсенділік көрсетеді.

**Жоғары деңгей** шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар мазмұнын түсінеді, тапсырмаға қызығушылығы жоғары, өз бетінше орындау ретін тұжырымдап айтып береді, тапсырманы педагог көмегінен үлкен жауапкершілікпен дербес орындайды; жалпы шығармашылық жұмыстар барысында тапқыр, өзіндік идеясымен толықтырып, өз нұсқасын да ұсына алады.

Эксперимент Алматы қаласындағы «DiDi» жекеменшік балабақшасының базасында жүргізілді. Оған 90 бала қатысты, оның 45-і бақылау тобында болды. 3 кезеңде (анықтау, қалыптастыру, бақылау) жүзеге асырылды. Әрбір кезең нақты міндеттерді көздеді.

Анықтау экспериментінде арт педагогика әдістері арқылы мектепке дейінгі жастағы ба-

лалардың шығармашылық қабілеттерін дамытудың қалыптасу жағдайы анықталды.

Анықтау эксперименті барысында түрлі шығармашылық тапсырмалар беріліп, артпедагогика әдістері қолданылды. Мысалы, Ертегі сандықшасы: ертегіні жалғастыру немесе өз қалауынша аяқтау. Жаңа ертегі ойлап табу (үлгілерді пайдаланып);

«Үш текше» (берілген 3 кейіпкерлерді қатыстырып ертегі ойлап табу; ертегіде жаңа кейіпкер пайда болады);

Түрлі түсті саптыаяқтар (ассоциация); Дәстүрлі емес сурет салу; Шеңберге тақырыптық сурет салу; Кеңістікте бірге сурет салу; Жүппен сурет салу; Шеңберде сурет салу және т.с.с. тапсырмалар берілді. Орындауда келесі әдістер қолданды:

көбейту – кеміту, кейіпкерге фантастикалық қасиеттер телу, анимациялық сурет, адами қасиеттерді алып тастау, антропоморфизм, өлі табиғатты адамиландыру, өліні тірілту, суретке жаңа атау беру, фантастикалық ассоциация, қабылдауды жеделдету – тежеу, уақыт машинасы, еркін қиял және т.б.

Балалармен жұмыста әсіресе топтық жұмыстардың жемісті нәтижелерге қол жеткізу мүмкіндігі зор деп санаймыз. Анықтау экспериментінің нәтижесін төмендегі кесте және суреттен көреміз (1 кесте, 1 сурет).

1-кесте – Анықтау экспериментінің нәтижесі

N	Білімдік тәрбиелік көрсеткіш	Эксперименттік топ				Бақылау тобы			
		Оқушы саны	1 ж/д	2 о/д	3 т/д	Оқушы саны	1 ж/д	2 о/д	3 т/д
1	Шығармашылық тапсырма мазмұнын түсінуі	45	9	19	17	45	9	16	20
2	Қызығушылығы, ой мен қиял, елес шапшаңдығы, орындаудағы тапқырлығы	45	8	17	19	45	8	15	22
3	Тапсырманы орындаудағы дербестігі мен түпнұқалылығы/ сонылығы	45	7	17	21	45	6	16	23
4	<b>Жалпы</b>	<b>45</b>	<b>23%</b>	<b>35%</b>	<b>42%</b>	<b>45</b>	<b>22%</b>	<b>33%</b>	<b>45%</b>

Зерттеу нәтижесінде артпедагогика әдістері арқылы мектепке дейінгі жастағы балалардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастырудың **қайшылықтары** айқындалды:


- артпедагогика әдістері арқылы мектепке дейінгі жастағы балалардың шығармашылығын дамыту жүйесінің қалыптаспауы;

- тәрбиешілердің артпедагогика әдістерін балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту құралы ретінде қолдану белсенділіктерінің төмендігі;

- мектепке дейінгі сензитивті шақтың шығармашылық қабілетті дамытудағы мүмкіндігінің пайдаланылмауы;

- мектепке дейінгі жастағы балалардың шығармашылығын дамытуда артпедагогиканы қолдану бойынша зерттеу жұмыстарының жеткіліксіздігі;

- артпедагогика бағыттарын мектепке дейінгі жастағы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда кешенді қолдану бойынша арнайы әдістеменің жоқтығы.



1-сурет. Анықтау экспериментінің салыстырмалы нәтижесі

Эксперименттің екінші кезеңінде артпедагогиканың бейнелеу және қолөнері, ертегі және музыка терапия әдістерін кешенді қолдану жолдары қарастырылды.

Сондай-ақ, арт әдістер арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру мақсатында түрлі тапсырмалар: «ертегідегі немесе оқиғадағы ойды жалғастыр», «Коллаж құрастыр», «кейіпкерді мүсінде», «Суретті аяқта», «Өз патшалығыңды суретпен немесе саз балшықпен бейнеле», «анимацияла», «картина сал немесе аяқта», «кейіпкер әрекетіне сәйкес музыка таңда», «ән шығар» және т.с.с берілді. Артпедагогика әдістерін қолданып тапсырмаларды орындау барысында балалардың шығармашылық қиялдарының көкжиегі кеңейіп, тапқырлықтарының біршама артқаны айқын байқалды. Оған тәжірибеде балалардың шығармашылықтарын шарықтату мақсатында төмендегідей арттерапия ережелерінің қатаң сақталуы оң ықпал етті деп есептейміз. Олар:

- Көркем-шығармашылық үрдіс барысында бұйрықтар, нұсқаулар, қатаң талаптар қоюға және мәжбүрлеуге жол берілмейді; Арт-терапияда шығармашылық бейнелеу әрекетінің барлық өнімдері олардың мазмұнына, формасына

немесе эстетикалық көрінісіне қарамастан қабылданады және мақұлдауға лайық;

- Арт-терапияда салыстыруға немесе салыстыра бағалауға, сынға және жазалауға тыйым салынған.

- Арт-терапиялық сессияға қатысушы (бала): – шығармашылық әрекеттің түрлері мен мазмұнын, өзіне қолайлы көрнекі материалдарды таңдай алады, сонымен қатар өз қарқынымен жұмыс істей алады;

- белгілі бір тапсырмаларды орындаудан, сезімдер мен тәжірибелерді ашық айтудан және ұжымдық талқылаудан бас тартуға құқығы бар («топтық қарым-қатынасқа қатысу» көбінесе психологтің этикасы мен шеберлігімен анықталады);

- егер бұл әлеуметтік және топтық нормаларға қайшы келмесе, топтың қызметін жай ғана байқауға немесе өз қалауы бойынша кез келген нәрсені жасауға құқылы.

Аталған ережелермен қатар арнайы сабақтардың құрылымын сақтау да септігі тиді деп ойлаймыз. Атап айтсақ:


1. Белсендіру («қыздыру»).
2. Көру, есту, кинестетикалық сезімдерді жаңарту.
3. Жеке көрнекілік жұмыс (тақырып әзірлеу).
4. Вербализация кезеңі (вербалды және вербалды емес қарым-қатынасты белсендіру).
5. Рефлексиялық талдау.

Ал, эксперименттің үшінші кезеңінде жасалған жұмыстың тиімділігін анықтау үшін педагог, психолог және ата-аналармен сауалнамалар, сұрақ-жауап, әңгімелесулер жүргіздік. Ф.Татл мен Л.Беккердің шығармашылықты дамытуға қатысты ата-аналар мен педагогтерге арналған сауалнамаларының негізіндегі кешенді зерделеу нәтижесі балалардың шығармашылық қабілеттерінің едәур дамығанын, шығармашылық қиялдарының шарықтап, қызығушылықтары мен белсенділіктерінің артқанын көрсетті. Ол келесі кестеде берілген.

Егер тәжірибелік экспериментке дейін эксперименттік топтардың жоғары деңгейін тек 20% бала көрсетсе, тәжірибелік эксперименттен кейін аталмыш деңгей көрсеткіші 39%-ға дейін көтерілді. Орта деңгейдегі балалар 35% дан 49%-ға дейін жоғарыласа, төменгі деңгей 42% -дан 12%-ға дейін төмендеді. Бақылау топтарында айтарлықтай өзгерістердің байқалмауы қисынды деп білеміз.

## 2-кесте – Эксперименттің 3-кезеңінің нәтижесі

N	Білімдік тәрбиелік көрсеткіш	Эксперименттік топ				Бақылау тобы			
		Оқушы саны	1 ж/д	2 о/д	3 т/д	Оқушы саны	1 ж/д	2 о/д	3 т/д
1	Шығармашылық тапсырма мазмұнын түсінуі	45	13	23	4	45	9	13	18
2	Қызығушылығы, ой мен қиял, елес шапшаңдығы, орындаудағы тапқырлығы	45	14	20	6	45	10	15	15
3	Тапсырманы орындаудағы дербестігі мен түпнұқалылығы/ сонылығы	45	12	22	6	45	8	16	16
4	барлығы:	45	39%	49%	12%	45	23%	39%	38%



2-сурет. Эксперименттің 3-кезеңінің салыстырмалы нәтижесі

Сонымен, теориялық зерттеулер мен тәжірибедегі тексеру нәтижелерін қорытындылай келе, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда мектепке дейінгі сензитивті шақтың мүмкіндіктері орасан зор және артпедагогика әдістерін қолдану аса оңтайлы шешім деген тұжырымға келдік.

Сондай-ақ педагогикалық эксперимент зерттеу жұмысының болжамының дұрыс екенін дәлелдеді деуге толық негіз бар. Демек, егер мектепте дейінгі жастағы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда артпедагогика әдістерін кешенді және арнайы жоспарлап, жүйелі жүргізсе, онда балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізуге болатынына көз жеткіздік.

### Қорытынды

Мектепке дейінгі жастың «жалпы» ерекшеліктері – бұл қиял, шығармашылық қиял, стандартты емес ойлау, сонымен қатар қоршаған ортаға ерекше сезімталдықтан көрінеді.

Қабілеттердің дамуының ең сезімтал кезеңінде бала жоғары когнитивтік белсенділікпен,

әсер ету қабілетінің жоғарылауымен, психикалық күйзелістің қажеттілігімен сипатталатыны белгілі. Олар бейнелейтін бейнелердің интуициясын, жарықтығын, нақтылығын және оларды манипуляциялаудың қарапайымдылығы дамиды. Сол себептен, мектепке дейінгі білім беру ұйымы жұмысының басым бағыттарының бірі – баланың шығармашылық әлеуетін дамыту болып табылады. Оны жүзеге асырудың тиімді жолдарының бірі – арт педагогика әдістерін қолдану.

Артпедагогиканың негізгі мақсаты – өзін-өзі көрсету және өзін-өзі бағалау қабілетін дамыту арқылы тұлғаның дамуын үйлестіру, эмоционалды қамқорлық пен қолдау атмосферасын қамтамасыз ету арқылы әр баланың интеллектуалдық, эмоционалдық және жеке дамуында оң өзгерістер туғызу.

Ғылыми, арнайы әдебиеттерді талдау және арт технологияларды қолдану тәжірибесін талдау, қорыту балабақшада арт педагогика әдістерін кешенді пайдалану балаларға жаңа білімді «ашуға», шығармашылықты дамытуға, өзінің мінез-құлқы мен әрекетін талдауға, рефлексия жасау дағдыларын дамытуға мүмкіндіктер беретінін көрсетті.

Осы бағытта ғалымдар мен психологтердің жүргізген барлық зерттеулері шығармашылық қабілеті бар балалардың психикасы тұрақты, өзіне сенімді әрі көпшіл болып келетінін дәлелдейді.

Бұл зерттеудің практикалық маңыздылығы мектепке дейінгі жастағы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін тиімді педагогикалық жағдайлар жасауға бағытталған арт технологиялардың мүмкіндіктерін көрсетуінде. Арт-технология белсенділік тәсіліне негізделуімен жаңа білім беру стандарттарына сәйкестігімен құнды болып табылады.

### Әдебиеттер

1. Айтбаева, А., Қасен, Г. (2016). Арт-методы в образовании. Алматы: Қазақ университеті.
2. Гончарова, Н. (2020). Арт-технологии в дошкольном образовании. Москва: Просвещение.
3. Дыбина, О. (2020). Формирование творчества у детей дошкольного возраста в процессе ознакомления с предметным миром.
4. Каленская, Н., & Маковец, Л. (2023). Арт-технологии как средство формирования нравственных представлений у детей старшего дошкольного возраста. Научные высказывания, (16), 19–21.
5. Кириченко, К. (2017). Арт-педагогические технологии в условиях дошкольного образовательного учреждения. Молодой ученый, (42), 164–167.
6. Кудрявцева, Е. (2019). Творческое развитие детей: арт-педагогика в дошкольном образовании. Екатеринбург: Уральский университет.
7. Кульчицкая, И. (2014). Роль арт-педагогика в современном образовании. Мир науки, культуры, образования, (2), 12–13.
8. Мусийчук, М. (2017). Арт-методы в образовании. Магнитогорск.
9. Небесаева, Ж. (2017). Формирование готовности будущего учителя к творческой художественно-изобразительной деятельности средствами артпедагогика. Алматы: ҚазНПУ.
10. Решетникова, Е. (2020). Арт-педагогическая технология в развитии изобразительной деятельности детей старшего дошкольного возраста. Современные проблемы науки и образования.

### References

- Aitbaeva, A., Qasen, G. (2016). Art-metody v obrazovanii [Art methods in Education]. Almaty: Kazakh university. (in Russian)
- Goncharova, N. (2020). Art-tehnologii v doshkol'nom obrazovanii [Art technologies in preschool education]. Moscow: Prosveshchenie. (in Russian)
- Dybina, O. (2020). Formirovanie tvorchestva u detej doshkol'nogo vozrasta v processe oznamlenija s predmetnym mirom [The development of creativity in preschool children through the introduction to the material world]. (in Russian)
- Kalenskaja, N., & Makovec, L. (2023). Art-tehnologii kak sredstvo formirovanija нравственных представлений u detej starshego doshkol'nogo vozrasta [Art technologies as a means of forming moral concepts in older preschool children]. Nauchnye vyskazyvaniya [Scientific Statements], (16), 19–21. (in Russian)
- Kirichenko, K. (2017). Art-pedagogicheskie tehnologii v uslovijah doshkol'nogo obrazovatel'nogo uchrezhdenija [Art-pedagogical technologies in the context of preschool educational institutions]. Molodoy uchenyj [Young Scientist], (42), 164–167. (in Russian)
- Kudrjavceva, E. (2019). Tvorcheskoe razvitie detej: art-pedagogika v doshkol'nom obrazovanii [Creative development of children: Art pedagogy in preschool education]. Ekaterinburg: Ural'skij Universitet [Ural University]. (in Russian)
- Kul'chickaja, I. (2014). Rol' art-pedagogiki v sovremennom obrazovanii [The role of art pedagogy in modern education]. Mir nauki, kul'tury, obrazovanija [World of Science, Culture, and Education], (2), 12–13. (in Russian)
- Musijchuk, M. (2017). Art-metody v obrazovanii [Art methods in education]. Magnitogorsk. (in Russian)
- Nebesaeva, Zh. (2017). Formirovanie gotovnosti budushhego uchitelja k tvorcheskoj hudozhestvenno-izobrazitel'noj dejatel'nosti sredstvami artpedagogiki [Formation of future teachers' readiness for creative artistic and visual activities through art pedagogy]. Almaty: Kazakh National Pedagogical University. (in Russian)
- Reshetnikova, E. (2020). Art-pedagogicheskaja tehnologija v razvitii izobrazitel'noj dejatel'nosti detej starshego doshkol'nogo vozrasta [Art-pedagogical technology in the development of artistic activities in older preschool children]. Sovremennye problemy nauki i obrazovanija [Modern Problems of Science and Education]. (in Russian)

#### **Автор туралы мәлімет**

Дабылтаева Райхан – п.ғ.к., доцент, «DiDi» жеке меншік балабақшасының директоры (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: Dabyltaeva@bk.ru)

#### **Сведения об авторе**

Дабылтаева Райхан – к.п.н., доцент., директор частного детского сада «DiDi» (Алматы, Казахстан, e-mail: Dabyltaeva@bk.ru)

#### **Information about author**

Dabyltaeva Raihan – “Director of DiDi Kindergarten”, candidate of pedagogical sciences, associate professor (Almaty, Kazakhstan, e-mail: Dabyltaeva@bk.ru)

Келін түсті 20.10.2024

Қабылданды 1.12.2024